

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2023-2024 оқу жылындағы Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің
№4 ХАТТАМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫЛАРЫ**

Түркістан қаласы

21 қараша 2023 жыл

Өткізілген орны: Сенат залы

Өткізілген уақыты: 2023 жылдың 21 қарашасы, сағат – 15:00

Қатысқандар – ОӘК мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. 2023 - 2024 оқу жылында бакалавриат білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттауда білімгерлерге ұсынылатын дипломдық жоба тақырыптарын, жетекшілерін және сын-пікір берушілер тізімін бекіту (Баяндамашы: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш.Шахабаев);

2. Дипломдық жобаның орнына ұсынылатын кешенді емтихандардың пәндерінің тізімін және бағдарламаларын бекіту (Баяндамашы: Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш.Шахабаев);

3. 2023-2024 оқу жылына бакалавриат білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттаудың өткізу нысанын бекіту туралы (Баяндамашы: Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлім басшысы: Л.А.Ибрагимова);

4. 2023 жылғы түлектердің жұмысқа орналасуы (Баяндамашы: Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталық басшысы - С.М. Мұхиддинова).

5. Әртүрлі мәселелер:

5.1 2023-2024 оқу жылының күзгі семестірінде білім беру бағдарламалары білім алушыларының оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру (баяндамашы: Академиялық департамент директоры - А.М. Бостанова);

5.2 2023-2024 оқу жылында бекітілген академиялық күнтізбеге өзгеріс енгізу (баяндамашы: Академиялық департамент директоры - А.М. Бостанова);

5.3 Университет ОПК дайындаған оқу құралдары, оқу-әдістемелік құралдары мен нұсқаулықтарды талқылап бекіту (баяндамашылар: факультет төрағалары).

Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2023 - 2024 оқу жылында бакалавриат білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттауда дипломдық жоба тақырыптары және сын-пікір берушілер тізімге сәйкес бекітілсін *(Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы- Е.Ш.Шахабаев)*.

Күн тәртібіндегі екінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

2. 2023-2024 оқу жылына бакалавриат бойынша қорытынды аттестаттауда кешенді емтихандар және диплом жобасынан босатылғандар үшін кешенді емтихандар пәндерінің тізімдері, кешенді емтихан бағдарламалары бекітілсін. *(Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы- Е.Ш.Шахабаев)*.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3. Кадр даярлау бағыттары бойынша Академиялық комитеттерде талқыланған 2023-2024 оқу жылында білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға қорытынды аттестаттауды қабылдау нысандары бекітілсін *(Жауапты-Академиялық департамент директоры)*.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

4. 2023 оқу жылындағы түлектердің жұмысқа орналасу туралы мәлімет кезекті Сенат мәжілісіне ұсынылсын *(жауапты: Мансапты дамыту және жұмыс берушілермен байланыс орталық басшысы - С.М. Мухиддинова)*.

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

5.1.1 ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнама сұрақтары бекітілсін *(жауапты: Академиялық департамент)*;

5.1.2 ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнама ұйымдастырып өткізуге техникалық қолдау көрсетілсін *(жауапты: Ақпараттық технологиялар департаменті)*;

5.1.3 ББ білімгерлерінің оқу процесін ұйымдастыруға, сабақ беру сапасына және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнама өткізу кестесі бекітілсін (жауапты: Академиялық департамент, Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлімі);

5.1.4 Бекітілген кестеге сай білім алушылардың 100% қатысуын қамтамасыз етсін (Жауапты: декан орынбасарлары);

5.1.5 Сауалнаманың талдау нәтижелері желтоқсан айының Оқу-әдістемелік комитетіне дайындалсын (жауапты: Академиялық департамент, Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлімі).

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

5.2 2023-2024 оқу жылының Академиялық күнтізбесіне өзгерістер енгізу үшін Сенатқа ұсынылсын (жауапты: Академиялық департамент директоры - А.М. Бостанова);

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

5.3. Төмендегі тізімде көрсетілген оқу құралдары мен оқу-әдістемелік құралдары кезекті Сенат мәжілісіне ұсынылсын:

5.3.1 Жаратылыстану ғылымдары факультеті, Физика кафедрасының аға оқытушысы, ф.-м.ғ.к С.М. Бекбаев, PhD, аға оқытушы Н.А. Шектибаев, PhD аға оқытушы Б.Ж. Сейтов, PhD, доцент Ш.Р. Құрбанбеков дайындаған «Кванттық және ядролық физика негіздері» атты оқу құралы;

5.3.2 Жаратылыстану ғылымдары факультеті, Физика кафедрасының доценті, п.ғ.к., Ә.Х. Сарыбаева, PhD, аға оқытушы Н.А. Шектибаевтың дайындаған физика курсынан виртуальды (компьютерлік) модельді зертханалық жұмыстар (механика, молекулалық физика және термодинамика курсы) оқу-әдістемелік құралы;

5.3.3 Теология факультеті, Дінтану кафедрасының аға оқытушысы А.Бейсеновтың «Діни философия» атты оқу құралы;

5.3.4 Экономика, басқару және құқық факультеті, Менеджмент және туризм кафедрасының PhD, аға оқытушысы А.А.Құралбаев дайындаған «Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметін талдау» атты оқу-әдістемелік құралы.

Оқу-әдістемелік комитет
хатшы



А.Б.Тасова